

29 қаңтар 2009 жылғы № 113 "Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 шілдедегі № 148 шешімі. Ақтөбе облысының ойыл аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 17 тамызда N 3-11-67 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 наурыздағы № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 13.03.2017 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43 бабына және аудан прокурорының 2009 жылғы 4 маусымдағы № 4-7-09 ұсынысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының "Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 113 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3-11-57 тіркелген, 2009 жылғы 12 наурыздағы № 10 "Ойыл" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

сілтемедегі "422 бабының 1 тармағы" деген сөз "422 бабының 2 тармағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 қосымшаның кестесіндегі "Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең жоғары мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)" деген 4-бағаны түгелімен алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрайымы:

А.С. Әлжанова

Аудандық мәслихат хатшысы:

Б.Т. Бисекенов

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 17 шілдедегі № 148 шешіміне қосымша

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ең төменгі базалық ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК